

Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмысының қорытындысы

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңы қабылданып, күшіне енді. Бұл Заңның және кеңестің негізгі қызметі мемлекеттік ұйымдардың шешімдер қабылдауына қоғамдық институттардың және азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған. Заңда кеңесті құру механизмі қарастырылған. Қоғамдық кеңес қызметінің мерзімі, кеңес мүшелігіне ұсынылатын кандидаттарға қойылатын талаптар анықталған. Қоғамдық кеңестер жергілікті деңгейде жергілікті өкілетті орган – мәслихат басшысы басқаратын жұмыс топтарымен конкурстық негізде қалыптасады.

Қоғамдық кеңестің негізгі мақсаты – азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелер бойынша пікірін білдіруі болып табылады. Қоғамдық кеңестер қызметі бес қағидат негізінде жүзеге асады: қоғамдық негіздегі, автономдық, дербестік, жариялық, ашықтық және кеңес мүшелерін кезең кезеңімен ротациялау.

Бейнеу аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 наурыздағы №17/168 шешімімен ұсынылған саны 15 адамнан тұратын аудандық мәслихат депутаттары қоғамдық кеңестің құрамын мақұлдады. Кеңес құрамына үкіметтік емес ұйымның және аудан белсенділері, бұқаралық ақпарат өкілінің зейнеткері, кәсіпкерлік саласының өкілдері, әртүрлі сала басшылары мен қызметкерлерін құрайды. Қоғамдық кеңес құрамын аудандағы барлық сала өкілдерінің болуын басты назарда ұстады. Бұл аудан тұрғындарымен тығыз байланыста жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесінің жұмысы 1 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Кеңес отырысына аудан тұрғындарын толғандырған мәселелер енгізілді. Олар: Бейнеу ауылының тазалығы мен асфальт жолдарының сапасы, сумен жабдықтау нысандарының жұмысы, сондай-ақ электр энергия мен газ тарифтері туралы және орталық аурухананың, мемлекеттік органдардың есептері.

«Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 18-бабына сәйкес Қоғамдық кеңестер қоғамдық бақылауды жария рәсімі арқылы жүзеге асырады. Қоғамдық бақылаудың негізгі нысандары: қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама, сондай-ақ Қоғамдық кеңес отырысында мемлекеттік органдар жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау болып табылады.

Қоғамдық кеңестің ұстанымдары ҚР заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайтын және уәжді жауаптар беретін мемлекеттік органдардың қарауы үшін міндетті болып табылады.

Қоғамдық кеңес жыл қорытындысы бойынша 16 отырыс өткізді. Сонымен қатар әкімдіктің және мәслихаттың нормативтік құқықтық актілері ұсынылып, барлығына қорытынды жауап берілді.

Қоғамдық кеңес жұмысының негізгі бағыты – мемлекеттік орган басшыларының жұмыс нәтижелері туралы есептерін тыңдау болып табылады.

2022 жылдың 30 наурызы күні Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесінің жаңа құрамымен ең алғашқы отырысы өтті. Отырыс барысында Бейнеу аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы мен хатшысы, қызмет бағыттары бойынша

комиссиялар, төралқа құрамы сайланды және Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі туралы ереженің жобасы талқыланып, бекіту үшін аудандық мәслихатқа ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің хатына сәйкес 2022 жылдың 11 сәуірінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия» құрылды.

Сонымен қатар Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелері әр түрлі саладағы комиссиялардың құрамына өкіл ретінде ұсынылды. Атап айтқанда «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қоғамдық пікір көшбасшыларымен халықтық бақылау жүргізу бойынша өкім құру және күнделікті мониторинг жасау туралы» комиссияның құрамына Айлашова Набия Жасанғалиқызы, «Тасымалдаушы ұсынған есептердің дұрыстығын анықтау және субсидиялауға тиісті әлеуметтік мәні бар қатынастар тізбесіне ұсыныстар қалыптастыру» комиссияның құрамына Дарментаев Тайыр, аудандық жер комиссиясының құрамына Аманқосов Нұрдаулет Көмекбайұлы, «Сұйытылған мұнай газының көлемін анықтау тетігі ресми бекітілгенге дейін аудан бойынша сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру» жөніндегі комиссияның құрамына Өнербек Марат Өнербекұлы, «Медициналық – әлеуметтік мекемелер жанынан қызмет алушылардың құқықтарының сақталуына бақылау жүргізуге Мұханова Айнаш Түркменбайқызы ұсынылды.

2022 жылдың 27 сәуірінде аудан тұрғындары мен жастарынан «Loto club» ойынханасын жабу мәселесі туралы өтінішке байланысты Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысы өтті. Аталған отырысқа аудан тұрғындары мен жастары, аудандық мәслихат хатшысы Қ.Мансуров, мәслихат депутаттары, аудан әкімі Б.Әбілов, аудан әкімінің орынбасарлары Ж.Теміров, Р.Шалбаев, аудандық полиция бөлімінің бастығы полиция полковнигі Б.Жұмағали, аудандық прокуратураның орынбасары Н.Қарымсақ, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Е.Нұрбаев, мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.

Отырыс барысында «Лото клуб» ойынханасын жабу мақсатында арнайы топтар құруды, сондай-ақ лото клубта болатын заңсыздықтарды арнайы топтар нақты дәлелдей отырып, экономикалық тергеу департаментіне арыз-шағым түсіру жолдарын қарастыру ұсынылды.

2022 жылдың 29 сәуірінде аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімінің, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің, жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің атқарған жұмыс нәтижелерінің қорытындысы тыңдалды. Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан жауапты бөлім басшыларына аудандағы «Үстірт» және «Күйкен» балабақшаларының алдына жол кедергісі белгісін немесе жаяу жүргіншілер жолағын қоюды, «Политехникалық колледж» студенттерін болашақта өндіріс мекемелеріне жұмысқа алатындай етіп меморандумға

отыруды ұсынды. Сонымен қатар «Төлеп ауылының жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы» шешімінің жобасы талқыланып, келісім берілді.

2022жылдың 29 маусымында Бейнеу, Боранқұл, Ақжігіт, Есет, Төлеп ауылы әкімдерінің 2022 жылдың I жарты жылдығында атқарған жұмыс нәтижелерінің

қорытындысы тыңдалды. Сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Е.Мендалиевтің мемлекеттік қызмет көрсету сапасы туралы баяндамасы «Zoom» платформасында өткізілді. Жауапты мекеме басшыларына жаңбырлы күндері ауыл асфальттарына жиналған суды соратын көліктермен қамтамасыз етуді және түнгі уақытта ауылдың кіре берістеріне атаулары көрініп тұратындай арка (табличка) қоюға, Төлеп ауылында ашылып жатырған «Тепкі» кен орнына жұмыссыз ауыл халқын орналастыру мүмкіндіктерін қарастыруды Қоғамдық кеңес мүшелері ұсынды. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Е.Мендалиев Қоғамдық кеңестің әр отырысына мемлекеттік қызмет көрсету салалары (тұрғын үй, жер қатынастары, ауылшаруашылық, жер қатынастары, сәулет, ветеринария, кәсіпкерлік, білім, денсаулық, көші-қон, салық, кеден, қорғаныс істері, санитарлық-эпидемиологиялық, ХҚКО, тіркеу тағы да басқа..) бойынша мемлекеттік органдар басшыларының баяндамаларын тыңдауды; Халықпен билік арасындағы өзара кері байланысты күшейту мақсатында әлеуметтік желілерде жиі тікелей эфирлер, сұхбаттар, онлайн жәрмеңкелер өткізуді; Жауапты мемлекеттік қызметкерлермен мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңнама талаптарын қатаң сақталуын бақылауға алу бойынша ұсыныстарын білдірді.

12 тамыз 2022 жылы Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысында кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдердің мотоциклді ресми құжатсыз жүргізуінің алдын алу және ауыл арасындағы қаңғыбас иттерді жою мәселелері қаралды. Отырысқа аудан тұрғындары мен жастары, аудандық мәслихат хатшысы Қ.Мансуров, мәслихат депутаттары, аудандық полиция бөлімінің инспекторы Ж.Саясатов, мемлекеттік мекеме басшылары, мектеп директорлары қатысты. Отырыс барысында қатысушыларға түрлі мототехниканы басқару қаупі туралы профилактикалық әңгімелер жүргізіліп, ата-аналарға балаларына мотоцикл, мопед және скутер сатып алудан аулақ болуға, сондай-ақ ересектерден кәмелетке толмағандардың рульге отыру әрекеттерін тоқтатуды сондай-ақ, қаңғыбас иттердің адамға жүгіріп, малға шабуына қатысты жағдай болса, аудандық ветеринариялық станцияға арыз-шағым түсіруді ауыл халқына ескертті.

5 қазан 2022 жылы Бейнеу ауданы полиция бөлімінің, білім бөлімінің және аудандық орталық аурухананың 2022 жылдың 9 айында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындылары тыңдалды. Жауапты мекеме басшыларынан Қоғамдық кеңес мүшелері қазіргі таңда жол-көлік апатының көбеюіне байланысты көлік жылдамдығын асырмаудың алдын-алуды, тандаулы мектептердің сыйымдылығы аз болуына байланысты ата-аналардың балаларын тандаулы мектептерге бере алмай отырғандығы, мектептерге қосымша тағы бір штат медбике бөлу жөніндегі мәселелердің шешімін табуды сұрады.

23 желтоқсан 2022 жылы Бейнеу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының, аудандық экономика және қаржы бөлімінің 2022 жылдың 11 айында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдалып, атқарған жұмыс нәтижелерінің қорытындыларына қанағаттанарлық деген бағалар берілді.

«Әлеуметтік және заңдылық пен құқықтық мәселелері жөніндегі комиссия» төрағасы мен мүшелері мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде қызмет көрсетушілердің жұмысының тиісті заңнама талаптарына сәйкес орындалуына бақылау және талдау жұмыстарын жүргізді.

Жалпы отырыс барысында ауданның тазалығын бақылау, қоқыс төктірмеу бағытында рейдтік тексеріс және жасыл желектердің уақытылы суарылуын жүргізуді, ауылдың автокөлік жолдарын жөндеу және жылдамдықты азайту бойынша белгілер қою, сумен жабдықтау нысандарының жұмысы, жасыл желектердің күтімі және ауыл тазалығын сақтауда қоқыс төктірмеуге шаралар алу сынды бірқатар маңызды мәселелер айтылды.

Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесі 2022 жылы 16 отырыс өткізіп, тиісті шешім қабылдап, өз ұсыныстарын берді. Қазіргі таңда тиісті мекемелер берілген ұсынысты орындау мақсатында іс-шара жоспарын қабылдап, жұмыс жүргізуде. Қаралған мәселелер қадағалауға алынды. Ауданның Қоғамдық кеңесі жүргізген барлық жұмыстары Facebook әлеуметтік желсінде, аудандық БАҚ-та жарыққа шығарылады, сондай-ақ аудандық мәслихаттың ресми сайтында «Қоғамдық кеңес» атты арнайы айдары жұмыс істейді.

Қоғамдық кеңестер азаматтық бағдарламаларды дамытудың негізгі институты болуы тиіс және барлық азаматтарды оларды толғандыратын өзекті мәселелер айтуға жергілікті атқарушы орган басшыларымен бірлесе отырып шешу мәселелерін қарастыруға шақырамын.

**Бейнеу аудандық Қоғамдық
кеңес төрағасы Т.Амалбаев**